**«Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Есіл қаласының № 3 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған кемшіліктерді жою туралы қайталама аттестаттау нәтижелері туралы**

# ҚОРЫТЫНДЫ

*Көкшетау қаласы* | *22 қаңтар 2025 жыл 15.00 сағ.*

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын *(бұдан әрі – Заң),* «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып *(бұдан әрі-Бағалау өлшемшарттары),* Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті *(бұдан әрі – Департамент)* 2023 жылғы 06 қарашада №679 бұйрығымен бекіткен (2024 жылғы 20 ақпандағы №105 бұйрықпен өзгерістермен) 2024 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Есіл қаласының №3 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 21 қазан мен 2024 жылғы 23 қазан аралығында мемлекеттік аттестаттау өткізілді.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына бірқатар сәйкессіздіктер анықталды.

Департаменттің 2024 жылғы 01 қарашадағы №17-11-01-08/813 бұйрығымен «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Есіл қаласының №3 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі аттестатталған жоқ.

Қазақстан Республикасы Заңының 59-бабы 8-13-тармағының талаптарына сәйкес «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Есіл қаласының №3 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің анықталған бұзушылықтарын жою туралы есебі негізінде бұзушылықтарды жоюға талдау жүргізіліп, 2025 жылғы 21 қаңтар мен 2025 жылғы 22 қаңтар аралығында Департаменттің 2025 жылғы 17 қаңтардағы №17-11-01-08/46 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік аттестаттау комиссиясымен (бұдан әрі-комиссия) келесі құрамда қайталама қорытынды берілді:

Кабдрахманова Жанар Жанатаевна-Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің бас маманы, комиссия төрайымы;

Шериазданова Айсұлу Оразбайқызы-«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының №9 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ мұғалімі, комиссия мүшесі;

Кекенова Айгерим Жангельдиновна-«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласының «Арай» балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі, комиссия мүшесі;

Бельгибаева Жанар Толегеновна- Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының №1 мектеп-гимназиясы» КММ қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі, комиссия мүшесі;

Сакенова Айдана Еркебулановна - «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің жанындағы Көкшетау қаласының «Нұрай» балабақшасы» МКҚК тәрбиешісі, комиссия мүшесі.

Комиссия бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезінде негізгі бағыттар мен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау жүргізді, оның ішінде көрсетілетін білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізді.

Өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдар мен

уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерімен салыстыра отырып, комиссия «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Есіл қаласының №3 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштеріне бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді.

**1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:**

**1) Білім беру ұйымының толық атауы:** «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Есіл қаласының № 3 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

**2) Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен-жайы және накты орналасқан жерінің мекен-жайы):** Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Есіл ауданы, Есіл қаласы, М. Ауезов,24 көшесі.

**3) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт):** 8 (71647) 22198, 87013828330, kazakhmektebi@mail.kz, https://sc0030.esil.aqmoedu.kz

**4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі):** мектеп директоры Молдатина Фарида Оразбековна «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы білім бөлімі» ММ 2022 жылғы 31 тамыздағы № 34 бұйрығы негізінде тағайындалған.

**5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың /куәліктің көшірмесі қоса беріледі):** Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама Ақмола облысының әділет департаменті заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы анықтама 15.01.2021ж. (БСН 121240017276) берілген. «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Есіл қаласының №3 жалпы білім беретін мектебі» КММ жарғысы Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жылғы 5 қаңтардағы № А-1/2 қаулысымен бекітілген.

**6) Рұқсат беру құжаттары (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон, білім беру қызметімен айналысуға берілген лицензия және қосымшасы):**

«Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі 2021 жылғы 27 қаңтарда №KZ60LAA00020558 мемлекеттік лицензия және бастауыш білім беру, негізгі орта білім беру, жалпы орта білім беру қызметімен айналысу үшін лицензияға қосымша берілген. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама 2021 жылы 9 наурызда № KZ78RVK00051657 берілген.

**2. Оқыту нәтижесіне бағытталған мектепке дейінгі тәрбие мен оқыт удың мазмұны:**

**2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген** *(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген)* **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру;**

*Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар, ұйымдастырылған оқу қызметінің (арнайы түзетілген ұйымдастырылған оқу қызметінің) бөлінуін растайтын құжаттардың көшірмелері, оның ішінде жылдық жұмыс жоспарлары. Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламалардың көшірмелері, оның ішінде ОР бар балаларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің орындалғанын растайтын құжаттардың көшірмелері, жас құрамы бойынша топтардың тізімдері.*

**Кемшіліктер:** 2024-2025 оқу жылдарының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын игеруге арналған перспективалық жоспарлары ұсынылмады.

**Талдау нәтижесі:** 2024-2025 оқу жылдарының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын игеруге арналған перспективалық жоспарлары мектеп директорымен бекітілген.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары әр ай сайын дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, сауат ашу негіздері, математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекет оқу қызметінің өтпелі тақырыптар, мақсат-міндеттері көрсетілген.

**Қорытынды**: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 4-тармағы 4-тармақшасына *«4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік оқу бағдарламасы)»* сәйкес келеді.

**4) Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;**

*Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері, олар болмаған жағдайда, ертежастағы тәрбиеленушілердің жоспарларының (карталарының) көшірмелері, мектепалды даярлық топтарының тізімі.*

**Кемшілік:** Жеке даму карталары ұсынылмады.

**Талдау нәтижесі:** осы өлшем бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделенді.

Мектепалды сыныбының балалардың білім деңгейінің және білім беру салаларының салыстырмалы мониторингінің қорытындысы бойынша баланың жеке даму карталары 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына жасалған. Жеке даму картада физикалық қасиеттер, коммуникативтік дағдылар, танымдық және зияткерлік дағдылар, шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы, әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру құзыреттіліктер бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары (қазан - желтоқсан), аралық бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары (ақпан - сәуір), қорытынды бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс шаралары (маусым-тамыз), қорытынды (баланың даму деңгейі сәйкес келеді: ІІІ деңгей - «жоғары»; ІІ деңгей – «орташа»; І деңгей - «төмен») деңгейлерін анықтап, әр балаға талдау жасалған.

Жеке даму картада баланың жеке дамыту картасын толтыру кезінде педагог кестеге дамытушы немесе түзету шараларын, қажет болған жағдайда бақылау нәтижелері бойынша іс-шаралардың екі түрін енгізген, жеке картаны жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп топ тәрбиешісі және мектепалды сыныптың тәрбиешісі дербес толтырған.

2024-2025 оқу жылы жеке даму карталарда физикалық қасиеттер, коммуникативтік дағдылар, танымдық және зияткерлік дағдылар, шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы, әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру құзыреттіліктер бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары (қазан - желтоқсан) бойынша жасалған.

2022-2023 оқу жылында мектепалды сыныбында 15 тәрбиеленушінің жеке даму карталары ұсынылмады. 2023-2024 оқу жылында мектепалды сыныбында 20 тәрбиеленушінің жеке даму карталары ұсынылмады. 2024-2025 оқу жылында сыныбында 13 тәрбиеленушінің жеке даму карталары ұсынылмады.

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген *«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 21-тармағына «Мектепке дейінгі ұйымның және мектепалды сыныбының түлегі: физикалық дамыған; ізденімпаз; бастамашыл; табанды; бейімделуге қабілетті, көпшіл; өзіне сенімді; командада жұмыс істей біледі»* сәйкес келеді.

**5) Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) нәтижелерін болуы және талдауы;**

*Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: білім беру ұйымының барлық тәрбиеленушілерінің мониторингінің, жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері*

Кемшілік: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары тәрбиеленушілердің білімі мен біліктілік дағдыларын бақылаудың бастапқы мониторингі ұсынылмады.

**Талдау нәтижесі:** талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеуде мектепалды сынып оқушыларының даму мониторингісінің (бастапқы) болуы қарастырылды.

2022-2023 оқу жылы 15 оқушы оның ішінде физикалық қасиеттері жоғары деңгей-10 оқушы, орташа деңгейі-3 оқушы, төменгі деңгей-2 оқушы. Коммуникативті дағдылары бойынша жоғары-7 оқушы, орташа-3 оқушы, төменгі деңгей-5 оқушы. Таңымдық және зияткерлік дағдылары жоғары деңгей-9 оқушы, орташа- 3 оқушы, төменгі деңгей-3 оқушы. Шығармашылық дағдылары жоғары деңгей-9 оқушы, орташа-4 оқушы, төменгі деңгей-2

оқушы. Әлеуметтік - эмоционалдық дағдылары жоғары-10 оқушы, орташа-4 оқушы, төменгі деңгей-1 оқушы. 2023-2024 оқу жылы 20 оқушы оның ішінде физикалық қасиеттері жоғары деңгей-9 оқушы,орташа деңгейі-6 оқушы, төменгі деңгей-5 оқушы. Коммуникативті дағдылары бойынша жоғары-10 оқушы, орташа-5 оқушы, төменгі деңгей-5 оқушы. Таңымдық және зияткерлік дағдылары жоғары деңгей-8 оқушы, орташа- 6 оқушы, төменгі деңгей-6 оқушы. Шығармашылық дағдылары жоғары деңгей-10 оқушы, орташа-5 оқушы, төменгі деңгей-5 оқушы. Әлеуметтік эмоционалдық дағдылары жоғары-8 оқушы, орташа-6 оқушы, төменгі деңгей-6 оқушы. 2024-2025 оқу жылы 13, оның ішінде қаңтар айы бойынша физикалық қасиеттері жоғары деңгей-5 оқушы, орташа деңгейі-5 оқушы, төменгі деңгей-3 оқушы. Коммуникативті дағдылары бойынша жоғары-6 оқушы, орташа-6 оқушы, төменгі деңгей-1 оқушы. Таңымдық және зияткерлік дағдылары жоғары деңгей-7 оқушы, орташа- 5 оқушы, төменгі деңгей-1 оқушы. Шығармашылық дағдылары жоғары деңгей- 10 оқушы, орташа-3 оқушы, төменгі деңгей-0 оқушы. Әлеуметтік - эмоционалдық дағдылары жоғары-10 оқушы, орташа-3 оқушы, төменгі деңгей-0 оқушы. Тәрбиеленушілердің білімі мен біліктілік дағдыларын бақылаудың бастапқы мониторингі жинақталды.

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 20-тармағына *«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын игеру деңгейі Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшада ұсынылған баланың туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесіне сәйкес мүмкін жетістіктерін айқындайтын нысаналы нәтижелерге бағдарланады»* сәйкес келеді.

**6) Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің болуы және талдау (қорытынды);**

*Бағаланатын кезеңдегі талдауға арналған құжаттар: мониторингтің көшірмесі және нәтижелерді талдау.*

**Кемшілік:** 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары тәрбиеленушілердің білімі мен біліктілік дағдыларын бақылаудың қорытынды мониторингі ұсынылмады.

**Талдау нәтижесі:** талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерттеу мынаны көрсетті.

Мектепке дейінгі балалардың біліктіліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау бойынша мониторинг жүйесі жасалды. 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары тәрбиеленушілердің білімі мен біліктілік дағдыларын бақылаудың қорытынды мониторингтары ұсынылды. Осы жылдардың қорытынды мониторингісінде барлық балалар қамтылған. Әдіскердің жиынтық есептері берілген.

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 20-тармақтарына сәйкес келеді.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Есіл қаласының №3 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

**2. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар: білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ҮОЖ) сәйкестігі;**

*Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспары, бағаланатын кезеңге арналған сабақ кестесі.*

**Кемшілік:** 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының 10-11 сыныптарда факультатив курстардың атаулары жұмыс оқу жоспарында берілмеген, Kundelik.kz платформасына енгізілген.

**Талдау нәтижесі:** Жұмыс оқу жоспарлары мектеп директорының

м.а.Ф.О.Молдатинамен бекітілген.

1-4 сыныптарының жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 1-қосымшасы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 6 карашадағы №500 бұйрықтарының негізінде жасалған;

5-9-сыныптарының жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 6- қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрықтарының негізінде жасалған;

10-11 сыныптардағы жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 85-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 85-қосымша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 86-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 86-қосымша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары сәйкес ұйымдастырылады.

2023-2024 оқу жылында жұмыс оқу жоспары 1-4 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қараша № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығы 1- қосымша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары, 5-9 сыныптарының оқу жұмыс жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 6- қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының негізінде жасалған; 10-11 сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30-шы қыркүйегіндегі №412 бұйрығына 38- қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 85-қосымша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30-шы қыркүйегіндегі №412 бұйрығына 39- қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30-шы қыркүйегіндегі №500 бұйрығына 86-қосымша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары ұйымдастырылған.

2024-2025 оқу жылындағы жұмыс оқу жоспары мектеп директоры Ф.О.Молдатинамен бекітілген.

1-4 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қараша № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығы 1- қосымша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспары, 5-9-сыныптарының жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 6- қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрықтарының негізінде жасалған; 10-11 сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30-шы қыркүйегіндегі №412 бұйрығына 38- қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 85-қосымша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік жұмыс оқу жоспары және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30-шы қыркүйегіндегі №412 бұйрығына 39- қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30-шы қыркүйегіндегі №500 бұйрығына 86-қосымша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін жаратылыстану-математика бағыты бойынша жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспары ұйымдастырылған.

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының 10-11 сыныптарда факультатив курстардың атаулары жұмыс оқу жоспарында берілген: 10 «ә», 11 «ә» сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік», ЭССЕ жазудың тиімді жолдары. Қазіргі заманғы физика. Шешендік сөз өнері. Графика және жобалау. 10 «а», 11 «а» сыныптарда «Жаһандық құзыреттілік», Қазіргі заманғы физика. Графика және жобалау. Туризм географиясы. Физиканың негізгі заңдары.

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (2- қосымшасы) «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3- қосымшасы) «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (40 қосымшасына) сәйкес келеді.

**6. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру**

*Бағаланатын кезең үшін талдауға арналған құжаттар: бағаланатын кезең үшін ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін әзірленген және бекітілген жеке оқу жоспарлары және/немесе бағдарламалар (бар болса).*

**Кемшілік:** Үйде жеке тегін білім беруді қажет ететін оқушылардың дәрігерлік консультативтік комиссияның анықтамаларын ұсыну.

**Талдау нәтижесі:** Хаттама көшірмелері дәрігерлік консультативтік комиссияның анықтамасы негізінде толтырылған, анықтамалары ұсынылған. Үйде жеке тегін білім беруді қажет ететін оқушылардың (Қаппар Інжу Дүйсенбекқызы, Ауезхан Алижан Айболұлы) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамалары, жұмыс оқу жоспары жинақталып, берілді.

Жұмыс оқу жоспары мектеп директорымен бекітілген. Жұмыс оқу жоспарында сынып бойынша апталық сағат саны: инварианттық оқу жүктемесі-6, ең жоғарғы оқу жүктемесі-8, апталық-8, жылдық-272 жалпы жүктеме.

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген *«Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»* (2-қосымша) 1-тарау 30-тармағының талаптарына: *«30. Білім беру ұйымдарында оқыту процесі үлгілік оқу жоспарының негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу жұмыс кестесімен және сабақтар кестесімен регламенттелген»* сәйкес келеді.

**8. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсын игеру;**

*Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары ("Білімал" немесе "Күнделик"АЖ-дан түсіру)*

**Кемшілік:** 2022-2023 оқу жылы 1 «А», 1 «Ә» сыныптарында дүниетану оқу пәнінде ӨҚН толтырылмаған. 2 «А», 2 «Ә» сыныптарында дүниетану пәнінде «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» толық толтырылмаған, 3-4 сыныптарында дүниетану пәнінде, 5-9 сыныптарында дене шынықтыру пәнінде, 10-11 сыныптарда АӘД пәнінде «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» толтырылмаған. 2023-2024 оқу жылдарында 3 «А», 3 «Ә» сыныптарында дүниетану пәнінде, 5 «А», 5 «Ә», 6 «А», 6 «Ә», 7 «А», 8 «А», 8 «Ә», 9 «А», 9 «Ә» сыныптарында, 10 «А», 11«А», 11 «Ә» сыныптарында АӘД пәнінде «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» толтырылмаған. 2024-2025 оқу жылы 3 «А», 3 «Ә», 4 «А», 4 «Ә» сыныптарында дүниетану пәнінде, 5 «А», 5 «Ә», 6 «А», 6 «Ә», 7 «А», 7 «Ә», 8 «А», 9 «А», 9 «Ә» сыныптарында дене шынықтыру пәнінде, 10 «А», 10 «Ә», 11 «А», 11 «Ә» сыныптарында АӘД пәнінде «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» толтырылмаған.

**Талдау нәтижесі:** «Kundelik.kz» электрондық журналында «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» 2022-2023 оқу жылы 1-2, 3-4 сыныптарында Баядилова М.А.-1 «А», 4 «А» сыныптарында, Түгел А.А.- 1 «А», 4 «Ә» сыныптарында, Қуанышбай Г.А.- 2 «А», Манекей Ш – 2 «Ә», Ергалиева А.Г.- 3 «А», Төлеген Д 3 «Ә» сыныптарында дүниетану пәнінде толтырылмаған болатын. 10-11 сыныптарында АӘД пәнінде (пән мұғалімі- Ештаев М.А.) ӨҚН және 2023-2024 оқу жылдарында 3 «А», 3 «Ә» дүниетану пәнінде толтырылмаған (Ергалиева А.Г. -3 «А», Манекей Ш- 3 «Ә»), 5-9 сыныптарда АӘД (пән мұғалімі- Ештаев М.А.) толтырылмаған, 2024-2025 оқу жылында 3-4 сыныптарда дүниетану пәнінде Баядилова М.А., 3 «А», Түгел А.А. 3 «Ә», Қуанышбай Г.А.- 4 «А», Манекей Ш – 4 «Ә», 5-9 сыныптарда дене шынықтыру пәнінде толтырылмаған. (Шормангалиев Н.А, Байдильдин Д.К.), 10-11 сыныптарында АӘД (пән мұғалімі- Ештаев М.А.) пәндерінде толтырылмаған. Аталған олқылықтардың орнын толтыру мақсатында мұғалімдермен жұмыс жасалып, кемшіліктер уақытында жойылды, «Kundelik.kz» электрондық журналында «Өмір қауіпсіздігінің

негіздері», 10-11 сыныптарында АӘД пәнінде ӨҚН және 3 «А», 3 «Ә» дүниетану пәндері толтырылды *(«Kundelik.kz», «Білім класс» электрондық журналдарының көшірмесі қоса берілді).*

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2-қосымшасы) 2-тарау 25 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3-қосымшасы) 2-тарау 41 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4-қосымша) 4-тарау сәйкес келеді.

**9. «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру.**

*Талдауға арналған құжаттар бағаланатын кезең: оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары ("Білімал" немесе "«Kundelik.kz» "АЖ-дан жүктеу).*

**Кемшілік:** 2022-2023 оқу жылы «Kundelik kz» электронды журналында 1-8 сыныптарда «Жолда жүру ережелері» толтырылмаған, күнтізбелік-тақырыптық жоспарда көрсетілмеген. 2023-2024 оқу жылы 1 «Ә», 4 «А», 5 «А», 5 «Ә», 6 «А», 7 «А», 8 «А», 8 «Ә» сыныптарында «Жолда жүру ережелері» «Күнделік» электронды журналында ҚББ бөлімінде толтырылмаған.

Осылайша, 2022-2024, 2023-2024 о.ж. «Жолда жүру ережелері» курсы толық жүргізілмегені анықталды.

**Талдау нәтижесі:** 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары 1-4 сыныптарда 6 сағат, 5-8 сыныптарда 10 сағат көлемінде сынып сағатына кірiктiрiле отырып жүргізілгені туралы «Жол жүру ережелері» оқу, курсының сағаттарының аяқталуы «Күнделік» электронды журналында ҚББ бөлімінде көрсетілген.

«Kundelik kz» электронды журналында 1-8 сыныптарда «Жолда жүру ережелері» тақырыптары толтырылған *(«Kundelik.kz», «Білім класс» электрондық журналдарының көшірмесі қоса берілді).*

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2-қосымшасы) 2-тарау 26 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3-қосымшасы) 2-тарау 38 тармағына сәйкес келеді.

**10) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 30721 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, діни білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау**

*8) № ҚР ДСМ-76-бұйрығына сәйкес бекітілген санитариялық қағидаларға сондай-ақ жалпы білім беру мекемелеріне арналған сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтеріне және №55 бұйрықпен бекітілген өрт қауіпсіздігі талаптарына, сондай-ақ жалпы білім беру мекемелеріне арналған сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтеріне сәйкес келетін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару не сенімгерлік басқару құқығында тиесілі материалдық активтердің болуы немесе оқу үй-жайларымен білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін, кемінде 10 жыл қолданылу мерзімімен материалдық активтерді жалға алу. Спорт залының және/ немесе спорт объектісінің білім беру ұйымы ғимаратынан 1000 метрден астам қашықтықта, сондай-ақ объектіге автомагистральдардың, теміржол жолдарының қиылысында және жүріс бөлігінің қиылысын қамтитын қашықтықта болмағанда, спорт залын және/немесе спорт объектісін жалға алуға рұқсат етіледі, санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының көшірмесі болуы тиіс.*

**Кемшілік:** Санитарлық қағидаларға сәйкестігі бойынша санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды ұсынылмады.

Өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес қорытынды ұсынылмады.

**Талдау нәтижесі:** осы критерий бойынша ұсынылған құжаттар зерделенді. Санитарлық қағидаларға сәйкестігі бойынша 05.03.2013 ж. №35 санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды ұсынылды.

Өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес 2024 жылғы 12 қарашадағы №21-07/31-197 Есіл ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің хаты ұсынылды.

*10) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 4-тармағына және "Педагог мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 1-тармағына сәйкес білім беру ұйымдары педагогтерінің тиісті бейіні бойынша біліктілігін арттыруды 3 жылда кемінде 1 рет 36 сағаттан кем емес көлемінде қамтамасыз ету.*

*Білім беру ұйымдарының басшылары үшін тиісті бейіні және білім беру саласында менеджмент бойынша біліктілікті арттыру 3 жылда кемінде 1 рет.*

**Кемшілік:** Бейін бойынша біліктілікті арттыру курстарының мерзімі өткен мұғалімдер: Молдатина Фарида Оразбековна математика пәні бойынша біліктілікті арттыру курсы ұсынылмаған.

Иргибаева Умургуль Тургуновна еңбек пәні бойынша біліктілікті арттыру курсы ұсынылмаған.

Бекжанова Лунара Капановна орыс тілі пәнінің мұғалімі біліктілік арттыру курсын 2020 жылы өткен.

Жусупбекова Гулнара Турашовна тарих пәнінің мұғалімі 2020 жылы өткен.

Кожанова Куралай Киянбековна қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі 2020 жылы өткен.

Сейтыгалиева Р.М. (Биржанова) физика пәні бойынша соңғы біліктілік курсын 2019 жылы өткен.

Темірхан Рыскул Нұрланқызы, тәрбие жөніндегі орынбасары біліктілік арттыру курсты 2020 ж.өткен.

**Талдау нәтижесі:** Молдатина Фарида Оразбековна, математика пәні мұғалімі, «USTAZ» педагогтерді үздіксіз кәсіби дамыту орталығы» ЖШС, «Математика пәні педагогтерінің құзыреттілігін жетілдіру арқылы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту» тақырыбы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде біліктілікті арттыру курс оқыған (Берілген күні: 31.12.2024ж., тіркеу номері: №031).

Иргибаева Умургуль Тургановна, көркем еңбек пәні мұғалімі, «USTAZ» педагогтерді үздіксіз кәсіби дамыту орталығы» ЖШС, «Көркем еңбек пәні педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру» тақырыбы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде біліктілікті арттыру курс оқыған (Берілген күні: 30.12.2024ж., тіркеу номері: №723).

Бекжанова Лунара Капановна, орыс тілі пәні мұғалімі, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталығы, «Развитие предметных компенций педагогов: Эффективные практики обучения русскому языку и литературе» тақырыбы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде біліктілікті арттыру курс оқыған (Берілген күні: 13.12.2024ж., тіркеу номері: №112119).

Жусупбекова Г.Т., 2024-2025 оқу жылында декреттік демалыстан шыққан (02.09.2024ж.№ 83 бұйрық).

Кожанова К.К., қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі 20.01.2025ж. біліктілікті арттыру курсын «Ustaz» педагогтарды кәсіби дамыту орталығында оқып жатыр (анықтамасы ұсынылды).

Сейтыгалиева Рыскуль Молдагалиевна, физика пәні мұғалімі, ҚР білім және ғылым министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы, «Физика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту» тақырыбы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде біліктілікті арттыру курс оқыған (Берілген күні: 17.09.2021ж., тіркеу номері: №0405848).

Темірхан Рыскүл Нұрланқызы, директордың тәрбие жөніндегі орынбасары, «Өркен» балалардың әл-ауқатын арттыру ұлттық ғылыми-практикалық институты» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, «Білім беру ұйымдарында жағымды тәрбие ортасын қамтамасыз ету» тақырыбы бойынша 40 академиялық сағат көлемінде біліктілікті арттыру курс өткен (Берілген күні: 06.12.2024ж., тіркеу номері: №12619).

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 2-тарау 27 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) тарау 39 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 2 тарау 29 тармағына сәйкес келеді.

**2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы №52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;**

*Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары ("Білімал" немесе "Күнделік"АЖ-дан түсіру).*

**Кемшілік:** 2024-2025 оқу жылында БЖБ және ТЖБ өткізу бойынша: 10 «А» сыныпта дүниежүзі тарихы кесте бойынша БЖБ бағасы қойылмаған. Алгебра, орыс тілі мен әдебиеті, биология баға қоры мүлдем аз.

9 «Ә» сыныпта қазақ тілі,қазақ әдебиеті, информатика, дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы, геометрия баға қоры аз.

Жалпы 1-11 сыныптарда кері байланыс берілмеген, накты олқылықты жою жолдары көрсетілмеген.

2024-2025 оқу жылында күнтізбелік-тақырыптық жоспарда күндері сәйкес келмейді. 3 «А» сыныбында музыка (Бердигулова А.Ж.), 10 «А»,сыныбында ағылшын тілі (Байдалина А.М.) сабақтың тақырыптары жарияланбаған.

**Талдау нәтижесі:** 2024-2025 оқу жылдарында БЖБ және ТЖБ өткізу бойынша: 10 «А» сыныпта дүниежүзі тарихы кесте бойынша БЖБ бағасы қойылды. Алгебра, орыс тілі мен әдебиеті, биология баға қоры толықтырылды. 9 «Ә» сыныпта қазақ тілі,қазақ әдебиеті, информатика, дүниежүзі тарихы, Қазақстан тарихы, геометрия баға қоры толықтырылды.

Жалпы 1-11 сыныптарда кері байланыс берілген, накты олқылықты жою жолдары көрсетілді.

2024-2025 оқу жылында күнтізбелік-тақырыптық жоспарда күндері сәйкестендірілді.

3 «А» сыныбында музыка (Бердигулова А.Ж.), 10 «А» сыныбында ағылшын тілі (Байдалина А.М.) сабақтың тақырыптары жарияланды.

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 4-тарау 40, 42 тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 4 тарау 57, 59 тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 4 тарау 51,53 тармағына сәйкес келеді.

**3)Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау;**

*Бағаланатын кезеңге талдау жасауға арналған құжаттар: жеке оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары, оқу пәндері бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, сынып журналдары ("Білімал" немесе "Кунделик"АЖ-дан жүктеу).*

**Кемшілік:** 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына мектепте ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар оқушылардың тізімі берілген және ПМПК қорытындылары ұсынылмаған.

**Талдау нәтижесі**: 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына мектепте ерекше білім алу қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар оқушылардың тізімі берілген және ПМПК қорытындылары ұсынылды *(Қаппар Інжу Дүйсенбекқызы, Ауезхан Алижан Айболұлы) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамалары).*

Жұмыс оқу жоспары мектеп директорымен бекітілген. Жұмыс оқу жоспарында сынып бойынша апталық сағат саны: инварианттық оқу жүктемесі-6, ең жоғарғы оқу жүктемесі-8, апталық-8, жылдық-272 жалпы жүктеме.

**Қорытынды:** Қазақстан Республикасы Оқу - ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2 қосымшасы) 4-тарау 45-тармағына, «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» (3 қосымшасы) 4 тарау 61- тармағына, «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (4 қосымша) 4 тарау 55 тармағына сәйкес келеді.

**ҚОРЫТЫНДЫ:** «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Есіл қаласының №3 ЖОББМ» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | Біліктіліксанатыныңденгейін бес жылдабірреттенсиретпейарттырған/растағанпедагогтердің (оныңішіндебасшылардыңүшжылдабірреттенсиретпей) үлесі | 100 %-дан төмен | 4 |
| 3 | Үшжылдабірреттенсиретпей (оныңішіндебасшы, басшыорынбасарларының) біліктілігінарттырукурстарынанөткенпедагогтердінүлесі | 80 -90 % | 4 |
| 4 | ҚазакстанРеспубликасыОқу-ағартуминистрінің 2022 жылғы 24 карашадағы№ 473 бұйрығына (нормативтікқұқықтықактілердімемлекеттіктіркеутізіліміндe№ 30721 тіркелген) сәйкеснегізгіжұмысорны лицензиат болыптабылатынжоғарыжәнебіріншісанаттыпедагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердінбастауышбілім беру деңгейіндегіпедагогтердіңжалпысанынанүлесі | Толықжинақталғанбілім беру ұйымдарыүшін: жалпыбілімберетінмектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 45 %-дан жоғары, гимназиялар - 50 % -дан жоғары; Шағынжинақталғанбілім беру ұйымдарыүшін: жалпыбілімберетінмектептер - 30 %-дан жоғары | 5 |
| | | Толықжинақталғанбілім беру ұйымдарыүшін: жалпыбілімберетінмектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 35% -дан 44 % аралығында, гимназиялар –40%- дан 49% аралығында; Шағынжинақталғанбілім беру ұйымдарыүшін: жалпыбілімберетінмектептер – 25%-дан 29% аралығында | |
| | | Толықжинақталғанбілім беру ұйымдарыүшін: жалпыбілімберетінмектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 25%-дан 34 % аралығында, гимназиялар –30%-дан 39% аралығында; Шағынжинақталғанбілім беру ұйымдарыүшін: жалпыбілімберетінмектептер – 20%-дан 24% аралығында | |
| | | Толықжинақталғанбілім беру ұйымдарыүшін: жалпыбілімберетінмектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 25 % -дан төмен, гимназиялар –30% -дан төмен; Шағынжинақталғанбілім беру ұйымдарыүшін: жалпыбілімберетінмектептер – 20%-дан төмен | |
| 5 | ҚазакстанРеспубликасыОқу-ағартуминистрінің 2022 жылғы 24 карашадағы№ 473 бұйрығына (нормативтікқұқықтықактілердімемлекеттіктіркеутізіліміндe№ 30721 тіркелген) сәйкеснегізгіжұмысорны лицензиат болыптабылатынжоғарыжәнебіріншісанаттыпедагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердіңнегізгі орта жәнежалпы орта білім беру деңгейіндегіпедагогтердіңжалпысанынанүлесі | Толықжинақталғанбілім беру ұйымдарыүшін: жалпыбілімберетінмектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер -35%-дан 44 % аралығында, лицейлер - 40%-дан 49 % аралығында, оныңішіндежаратылыстану-математикалықбағыттағыпедагогтердің үлесі30%-дан 39% аралығында, гимназияларүшін 40%-дан 49 % аралығында, оныңішіндеқоғамдық-гуманитарлықбағыттағыпедагогтердіңүлесі 30%-дан 39% аралығында, дарындыбалаларғаарналғанмамандандырылғанбілім беру ұйымдарыүшін 45%-дан 54% аралығында, оныңішіндеаудандықжәне/немесеоблыстықконкурстар мен жарыстаркезеңдерініңжеңімпаздарынжәне/немесебілім беру саласындағыуәкілетті орган бекіткенсоңғы бес жылдағыреспубликалықконкурстар мен жарыстардыңқатысушылары мен жеңімпаздарындайындағанпедагогтер (болғанжағдайда); Шағынжинақталғанбілім беру ұйымдарыүшін: жалпыбілімберетінмектептер 25%-дан 29 % аралығында | 5 |
| 6 | Білім беру ұйымдарыныңҚазакстанРеспубликасыБілімжәнеғылымминистрінің 2016 жылғы 22 қантардағы№ 70 бұйрығына (нормативтікқұқықтықактілердімемлекеттіктіркеутізіліміндe№ 13272 тіркелген) сәйкесжабдықтарменжәнежиһазбенжарақтандырылуы | 80 -90 % | 4 |
| 7 | Ғимараттарда (оқукорпустарында) ерекшебілімберілуінеқажеттілігі бар адамдарүшінҚазакстанРеспубликасыБілімжәнеғылымминистрінің 2022 жылғы 12 қантардағы№ 6 бұйрығына (нормативтікқұқықтықактілердімемлекеттіктіркеутізіліміндe№ 26513 тіркелген) сәйкесжағдайжасалуы (пандус, есіктер мен баспалдақтардыконтрасттыбояуменбояу) | 100 % | 5 |
| 8 | ҚазакстанРеспубликасыБілімжәнеғылымминистрінің 2016 жылғы 19 қантардағы№ 44 (нормативтікқұқықтықактілердімемлекеттіктіркеутізіліміндe№ 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы№ 216 бұйрықтарына (нормативтікқұқықтықактілердімемлекеттіктіркеутізіліміндe№ 20708 тіркелген) сәйкесбастауыш, негізгі орта жәнежалпыбілім беру ұйымдарынаарналғаноқу-әдістемеліккешендермен, оқужәнекөркемәдебиеттерменқамтамасызетілуі | 100% | 5 |
| 9 | Білім беру ұйымдарытоптарының (сыныптарының) толықтырылуыныңсәйкестігі (топтар/сыныптарбөлінісінде) | 100 % | 5 |
| 10 | Оқытунәтижелері (білім, білікжәнедағдысапасынбағалау) | Компьютерліктестілеудіңқорытындысыбойыншабарлықтестіленетінбағыттарбойынша онжауаптардыңүлесі 85 %–дан 100 %-ғадейінқұрайды | 5 |
| 11 | Білімалушылардыңсауалнаманәтижелерінталдау | 80 % -дан 100%-ғадейінгіреспонденттеркөрсетілетінбілім беру қызметтерініңдеңгейінеқанағаттанған | 5 |
| | | 65% -дан 79 % -ғадейінгіреспонденттеркөрсетілетінбілім беру қызметтерініңдеңгейінеқанағаттанған | |
| | | 50 % -дан 64 % -ғадейінгіреспонденттеркөрсетілетінбілім беру қызметтерініңдеңгейінеқанағаттанған | |
| | | 50 % -дан төменреспонденттеркөрсетілетінбілім беру қызметтерініңдеңгейінеқанағаттанған | |
| 12 | Педагогтердіңсауалнаманәтижелерінталдау | 80 % -дан 100% -ғадейінгіреспонденттерсапалыоқыту мен тәрбиелеуүшінжағдайдыңжасалудеңгейінеқанағаттанған | 5 |
| 13 | Ата-аналардың (заңдыөкілдер) сауалнаманәтижелерінталдау | 65% -дан 79 % - ғадейінгіреспонденттербілімалушылардыңдайындықдеңгейінеқанағаттанған | 56 |

| | |
|---|---|
| **Тип документа** | Исходящий документ |
| **Номер и дата документа** | № 17-11-01-25/69 от 22.01.2025 г. |
| **Организация/отправитель** | ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ МИНИСТЕРСТВА ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН» |
| **Получатель (-и)** | ДРУГИЕ |
| **Электронные цифровые подписи документа** | Государственное учреждение "Департамент по обеспечению качества в сфере образования Акмолинской области Комитета по обеспечению качества в сфере образования Министерства просвещения Республики Казахстан"<br>Подписано: КАППАСОВ ОРАЛ<br>MIITVAYJ...LL5Mqva0=<br>Время подписи: 22.01.2025 10:09 |
| | Государственное учреждение "Департамент по обеспечению качества в сфере образования Акмолинской области Комитета по обеспечению качества в сфере образования Министерства просвещения Республики Казахстан"<br>ЭЦП канцелярии: МАЛИКОВА АЙГЕРИМ<br>MIITmAYJ...5G+3sPA==<br>Время подписи: 22.01.2025 10:24 |

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

Кабдрахманова Жанар Жа... :25

Дата: 22.01.2025 10:25. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

**Подписано**
22.01.2025 10:09 Каппасов Орал Кабиевич

Кабдрахманова Жанар Жанатаевна 22.01.2025 10:25

Дата: 22.01.2025 10:25. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

№ 17-11-01-25/69 от 22.01.2025

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ БІЛІМ САЛАСЫНДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ КОМИТЕТІНІҢ АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ САЛАСЫНДА САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕПАРТАМЕНТІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ КАЧЕСТВА В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ МИНИСТЕРСТВА ПРОСВЕЩЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

020000, Көкшетау қаласы, Абай, 87
тел.: 72-14-67, факс: 31-56-93
e-mail: akmola_control@mail.ru

020000, город Кокшетау,ул. Абая, 87
тел.: 72-14-67, факс: 31-56-93
e-mail: akmola_control@mail.ru

**«Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Есіл қаласының № 3 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне**

Ақмола облысы білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті (әрі қарай-Департамент) «Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі Есіл қаласының № 3 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған кемшіліктерді жою туралы қайталама аттестаттау қорытындысын жолдайды.

Қосымша: қорытынды электронды мекен-жайларыңызға жолданды.

**Басшы** **О.Каппасов**

*Орын.:Ж.Кабдрахманова*
*тел.:31-50-76*

Кабдрахманова Жанар Агатаевна 22.01.2025 10:25

Дата: 22.01.2025 10:25. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП